

"2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауылдық округінің бюджеті туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №288 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 315 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 сәуірде № 7398 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7 тармағына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауылдық округінің бюджеті туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 288 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7185 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 98 691,3 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 666,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 97 025 мың теңге;

2) шығындар – 100 733,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2 042 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 042 мың теңге";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 21 сәуірі № 315 шешіміне қосымша
Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 288 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Ақжар ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		Кірістер	98691,3
1		Салықтық түсімдер	1666,3
	01	Табыс салығы	729,3
	02	Жеке табыс салығы	729,3
	04	Меншікке салынатын салықтар	937
	1	Мүлікке салынатын салықтар	17
	3	Жер салығы	100
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	820
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	97025
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	97025
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	97025
Функционалдық топ			
Функционалдық кіші топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
		2. Шығындар	100733,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28443,3
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	28443,3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28443,3
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28443,3
04		Білім беру	45639
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	45639
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45639
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	45639

05		Денсаулық сақтау	4
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4
	002	Шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	4
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1391
3		Елді-мекендерді көркейту	1391
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1391
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	946
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	445
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	25256
1		Мәдениет саласындағы қызмет	25256
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25256
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	25256
		3. Таза бюджеттік кредит беру	0
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-2042
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	2042
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2042
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	2042
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2042

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ